

Кәсіптік стандарт: «Гидрометеорология и экология»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Гидрометеорология және экология» кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасының «Кәсіптік біліктіліктер туралы» Заңының 5-бабына сәйкес әзірленген, білім беру бағдарламаларын, оның ішінде кәсіпорындардағы персоналды оқытуды қалыптастыруға, қызметкерлер мен білім беру ұйымдарының түлектерінің кәсіптік біліктілігін тануға және ұйымдар мен кәсіпорындардағы персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге қойылатын талаптарды белгілейді.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет – Қазақстан Республикасының аумағында болатын қауіпті және табиғи құбылыстар туралы дауылды ескертулермен кез келген ұйымдарға ресми ақпараттық қызмет көрсетуге құқығы бар жалғыз заңды жауапты орган болып табылады

2) Метеорология – атмосфералық құбылыстар мен процестерді, ауа райы мен климаттың қалыптасу және өзгеру заңдылықтарын зерттейтін ғылым

3) Метеорологиялық бақылау – келесі метеорологиялық сипаттамалардың 8 негізгі синхронды кезеңдерінде жүргізілетін бақылаулар: ауа температурасы мен ылғалдылығы, топырақ температурасы (жер бетінде және тереңдікте), атмосфералық қысым, желдің жылдамдығы мен бағыты, атмосфералық құбылыстар (қауіпті және табиғи гидрометеорологиялық), мұз бен аяз құбылыстары, жауын-шашын мөлшері мен қарқындылығы, қар жамылғысы (биіктігі, тығыздығы, су қоры), бұлттылығы (мөлшері, пішіні, биіктігі)

4) Метеоролог – метеорологиялық сипаттамалар мен атмосфералық құбылыстарды бақылайтын, оларды жинақтап, талдайтын маман

5) Аэрологиялық бақылаулар – барикалық түзілімдердің (циклондар, антициклондар) болжамды модельдерін құру, ауа-райының табиғи және қауіпті құбылыстарын болжау үшін ақпарат алу, сондай-ақ 30 км және одан жоғары биіктіктегі атмосфераның жай-күйін бақылау үшін жүргізілетін бақылаулар

6) Агрометеорология – метеорологиялық және климаттық жағдайларды олардың ауылшаруашылық дақылдары мен агротехникалық шараларға әсерін зерттейтін ғылым

7) Агрометеорологиялық мониторинг – бұл метеорологиялық деректерді бақылауға, жинауға, талдауға және түсіндіруге және олардың ауылшаруашылық процестеріне әсеріне бағытталған іс-шаралар кешені

8) Агрометеоролог – бұл метеорологиялық және климаттық жағдайларды және олардың ауылшаруашылық дақылдары мен агротехникалық шараларға әсерін зерттейтін және талдайтын маман

9) Гидрология – бұл өзендер, көлдер, теңіздер, мұхиттар, су қоймалары, мұздықтар және жер асты сулары сияқты әртүрлі су объектілерінің атмосферадағы, гидросферадағы және литосферадағы таралуы мен қозғалысының қасиеттерін, заңдылықтарын мен процестерін зерттейтін ғылым

10) Гидрологиялық мониторинг – су деңгейін, су температурасын, ауа температурасын, су шығынын өлшеуді (су тасу/ су тасқыны кезеңінде жиірек), мұз жағдайын, мұздың қалыңдығын және мұздағы қардың биіктігін бақылау өндірісі

11) Гидролог – гидрологиялық процестер мен құбылыстарды бақылаумен, талдаумен және болжаумен айналысатын маман

12) Экология – тірі организмдер мен олардың ортасы арасындағы қарым-қатынастарды, сондай-ақ экологиялық жүйелердің ұйымдастырылуы мен қызмет ету заңдылықтарын зерттейтін ғылым

13) Қоршаған орта мониторингі – өзгерістерді анықтау, олардың себептері мен салдарын бағалау, табиғи ресурстарды басқару және қорғауға арналған ұсыныстарды әзірлеу мақсатында қоршаған ортаның әртүрлі құрамдас бөліктерінің жай-күйі туралы деректерді жүйелі түрде бақылау, жинау, талдау және түсіндіру

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) ҰГМҚ – Ұлттық гидрометеорологиялық қызмет

2) ДМҰ – Дүниежүзілік метеорологиялық ұйым

3) ДМРЛ – Доплерлік метеорологиялық радиолокатор

4) САБ – сандық ауа райы болжамы

5) АЖО – автоматты жұмыс орны

6) ҚКК – құрама-кинематикалық карта

7) НТҚ – нормативтік-техникалық құжаттама

8) ГАЖ – геоақпараттық жүйе

9) –

10) –

11) –

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Гидрометеорология и экология

5. Кәсіптік стандарттың коды: М74901070

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

- М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
- 74 Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
- 74.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
- 74.90 Басқа топтамаларға енгізілмеген кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
- 74.90.1 Гидрометеорологиялық қызмет қызметі

7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіби стандарттар мамандардың біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды реттейді, бұл олардың жұмыс тиімділігін қамтамасыз етуге және ғылым мен технологияның қазіргі заманғы талаптарына сәйкес болуына ықпал етеді.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

- 1) Сынама іріктеуші - 3 СБШ-нің деңгейі
- 2) Метеобақылаушы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 3) Газ генераторшысы - 3 СБШ-нің деңгейі
- 4) Техник-агрометеоролог - 4 СБШ-нің деңгейі
- 5) Байланыс технигі - 4 СБШ-нің деңгейі
- 6) Техник-метеоролог - 4 СБШ-нің деңгейі
- 7) Техник-гидролог - 4 СБШ-нің деңгейі
- 8) Химиялық талдау зертханашысы - 5 СБШ-нің деңгейі
- 9) Агрометеоролог - 6 СБШ-нің деңгейі
- 10) Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар және жүйелерді пайдалану және жөндеу инженері - 6 СБШ-нің деңгейі
- 11) Инженер-химик - 6 СБШ-нің деңгейі
- 12) Инженер-синоптик - 6 СБШ-нің деңгейі
- 13) Инженер-гидролог - 6 СБШ-нің деңгейі
- 14) Инженер-эколог - 6 СБШ-нің деңгейі
- 15) Инженер-метеоролог - 6 СБШ-нің деңгейі
- 16) Ғылыми қызметкер (метеорология саласындағы) - 7 СБШ-нің деңгейі
- 17) Филиал (желінің) басшысы - 7 СБШ-нің деңгейі
- 18) Генеральный директор - 8 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Сынама іріктеуші»:

Топтың коды:	7214-9		
Қызмет атауының коды:	7214-9-015		
Кәсіптің атауы:	Сынама іріктеуші		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	-	-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	негізгі орта білім	-	-
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Үлгілер алады		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қоршаған ортадан сынама алу 2. Сынама сапасын қамтамасыз ету	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Қоршаған ортадан сынама алу	Дағды 1: Қоршаған орта объектілерінің үлгілерін іріктеу	Машықтар:	
		1. Құралдарды және олардың көрсеткіштерін тексеру, басқа да жұмыстарды орындау. 2. Қоршаған ортаның сынамаларын алу.	

		Білімдер:	
		1. Персоналды басқарудың принциптері мен әдістері, оның ішінде тайм менеджмент негіздері және өкілеттік беру. 2. Еңбек заңнамасының негіздері, оның ішінде жұмысқа қабылдау, бейімдеу және еңбекті қорғау мәселелері. 3. Мамандардың кәсіби деңгейін бағалау мен арттырудың заманауи тәсілдері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Еңбек функциясы 2: Сынама сапасын қамтамасыз ету	Дағды 1: Анализ жүргізу үшін сынамаларды сақтау және жеткізу бойынша жұмыстарды орындау.	Машықтар:	
		1. Таңдалған сынамалардың химиялық зертханаға сақталуын және уақытылы жеткізілуін қамтамасыз ету. 2. Сынамаларды алу үшін қолданылатын ыдыстарды жуу және сақтау. 3. Сынамаларды алу құралдарының ақаулары туралы зертхана басшысын және приборшыны хабардар ету.	
		Білімдер:	
		1. Сынамалардың сапасына қойылатын талаптар. 2. Сынама алу құрылғыларын дайындау, пайдалану, жуу және сақтау әдістері. 3. Ішкі еңбек тәртібі, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі талаптары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Парасаттылық Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
		Бақылаушы	
10. Кәсіптің карточкасы «Метеобақылаушы»:			
Топтың коды:	2112-0		
Қызмет атауының коды:	2112-0-009		
Кәсіптің атауы:	Метеобақылаушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	-	-	-
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық:	Біліктілік:
		-	-
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Метеорологиялық, агрометеорологиялық және гидрологиялық бақылаулар жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Гидрометеорологиялық және агрометеорологиялық бақылауларды жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		

Еңбек функциясы 1: Гидрометеорологиялық және агрометеорологиялық бақылауларды жүргізу	Дағды 1: Ағымдағы бақылаулардың нәтижелерімен телеграммаларды құрастыру, кодтау және жіберу.	Машықтар:	
		1. Гидрометеорологиялық кодтар бойынша қысқаша мәліметтер құрастыру. 2. Оперативті гидрометеорологиялық ақпаратпен телеграммалар құрастыру. 3. Оперативті гидрометеорологиялық ақпаратпен телеграммалар жіберу үшін тиісті байланыс арналарын пайдалану.	
		Білімдер:	
		1. Гидрометеорологиялық бақылауларды ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар. 2. Бақылауларды жүргізу әдістемесі. 3. Гидрометеорологиялық кодтардың жеке бөлімдері мен топтарының құрылымы, мазмұны және пайдалану тәртібін құру принциптері. 4. Бақылау бөлімшелерінің дауылды хабарламаларды дайындау және жіберу жөніндегі нұсқаулықтары мен кодтары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 2: Метеорологиялық, агрометеорологиялық және гидрологиялық құралдардың жұмысын дайындау және олардың дұрыс жұмыс істеуін бақылау	Машықтар:	
		1. Құралдардың ақаулары мен орнатылу сәйкестігін тексеру. 2. Күнделікті шұғыл бақылауларды белгіленген мерзімде жүргізу. 3. Гидрометеорологиялық бақылаулар нәтижелерін өңдеу. 4. Қауіпті табиғи құбылыстарды анықтап, классификациялау.	
		Білімдер:	
		1. Құралдар мен жабдықтарды пайдалану ережелері. 2. Станцияларда және посттарда гидрометеорологиялық бақылаулар жүргізу бойынша нұсқаулар. 3. Қауіпті табиғи құбылыстардың пайда болу қаупі кезінде және пайда болған жағдайда бақылаушы бөлімшелердің әрекет тәртібі. 4. Қауіпті табиғи құбылыстарды бақылау үшін өлшеу құралдарымен жұмыс істеу тәртібі.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Тәртіптілік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Техник-метеоролог	
11. Кәсіптің карточкасы «Газ генераторшысы»:			
Топтың коды:	8131-9		
Қызмет атауының коды:	8131-9-131		
Кәсіптің атауы:	Газ генераторшысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі:	Мамандық:	Біліктілік:
	-	-	-

	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалды біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Аэрологиялық бақылауларды ұйымдастыру үшін сутегін өндіру.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Аэрологиялық бақылауларды жүргізуге дайындық.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Аэрологиялық бақылауларды жүргізуге дайындық.	Дағды 1: Қабықшаларды өңдеу және оларды толтыру үшін сутегін өндіру	Машықтар:	
		1. Техникалық талаптарға сәйкес қабықшаны дайындауды орындау. 2. Белгіленген параметрлерге қол жеткізу үшін материалдың біркелкі әрі сапалы толтырылуын қамтамасыз ету. 3. Жұмыс кезеңдерінің барлығында қабықшаның бүтіндігі мен стандарттарға сәйкестігін бақылау.	
		Білімдер:	
		1. Қажетті мөлшерде сутегі алу үшін химикаттарды газогенератор баллонына салу нормалары мен реті. 2. Қабықшаларды толтырған кезде белгіленген көтеру күші. 3. Жұмыс жүргізу және техникалық құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 2: Химиялық элементтермен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау	Машықтар:	
		1. Газ өндіру және электр қондырғыларымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау. 2. Жұмыс параметрлерін бақылау (температура, қысым, газ мөлшері). 3. Авариялық жағдайларға жедел әрекет ету.	
		Білімдер:	
		1. Газогенераторлық қондырғыларды пайдалану ережелері. 2. Жұмыстарды орындау және техникалық құралдарды қолдану кезінде қауіпсіздік техникасы және еңбек қорғау ережелері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Тәртіптілік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
12. Кәсіптің карточкасы «Техник-агрометеоролог»:			
Топтың коды:	3114-1		
Қызмет атауының коды:	3114-1-012		
Кәсіптің атауы:	Техник-агрометеоролог		

СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Метеорология	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Агрометеорологиялық мониторинг жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Агрометеорологиялық бақылауларды жүргізу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Агрометеорологиялық бақылауларды жүргізу	Дағды 1: Метеорологиялық және фенологиялық параметрлерді өлшеу.	Машықтар:	
		<p>1. Агрометеорологиялық бақылаулар жүргізу, топырақтағы ылғал қоры, егулердің және жайылым өсімдіктерінің жай-күйі бойынша маршруттық бақылаулар жүргізу.</p> <p>2. Агрометеорологиялық бақылаулар үшін қолданылатын техникалық құралдар мен құрылғыларды пайдалану және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету.</p> <p>3. Бақылау нәтижелерін өңдеу, тексеру, техникалық тасымалдаушыға енгізу, алынған деректердің кестелерін құрастыру.</p> <p>4. Метеорологиялық және агрометеорологиялық бақылаулар кезінде туындайтын техникалық қателерді анықтау.</p> <p>5. Бақылаулардың мерзімдерін сақтау, барлық түрдегі телеграммалар жіберу, бақылауларды жүргізу тәртібі, құралдар мен жабдықтарға күтім жасау туралы нұсқауларды орындау.</p>	
		Білімдер:	
		<p>1. Агрометеорологиялық бақылаулар жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар.</p> <p>2. Бақылаулар нәтижелерін өңдеу және талдау тәртібі.</p> <p>3. Метеорологиялық станцияда қолданылатын құралдар мен жабдықтарды пайдалану және олардың тексерісінен өткізу.</p> <p>4. Жұмыстарды жүргізу және техникалық құралдарды пайдалану кезінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтау.</p>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 2: Құрылғылар мен қондырғылардың жұмысқа жарамдылығын анықтау	<p>Машықтар:</p> <p>1. Агрометеорологиялық бақылау пунктінің учаскесін аралау.</p> <p>2. Құралдар мен құрылғылардың ақаусыздығын тексеру.</p> <p>3. Ақаулы құралдарды алып, жөндеу/калибрлеу үшін жіберу.</p>	

		Білімдер:	
		1. Гидрометеорологиялық станцияларға және посттарға арналған нұсқаулық. 2. Агрометеорологиялық бақылауларды жүргізуге арналған басшылық. 3. Құралдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Жауапкершілік Оқу және өзін-өзі оқыту қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Техник-метеоролог	
13. Кәсіптің карточкасы «Байланыс технигі»:			
Топтың коды:	3522-0		
Қызмет атауының коды:	3522-0-011		
Кәсіптің атауы:	Байланыс технигі		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Гидрометеорологиялық хабарламаларды қабылдау мен беруді қамтамасыз ету.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Гидрометеорологиялық ақпаратты бақылау желісінен жинау және беру. 2. Бақылау желісінен ақпараттың уақтылы келуін бақылауды қамтамасыз ету.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Гидрометеорологиялық ақпаратты бақылау желісінен жинау және беру.	Дағды 1: Гидрометеорологиялық хабарламаларды қабылдау және беру.	Машықтар:	
		1. Әртүрлі байланыс арналарымен түрлі техникалық құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы ақпарат қабылдауды жүзеге асыру. 2. Әртүрлі байланыс арналарымен түрлі техникалық құрылғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы ақпаратты жіберуді жүзеге асыру.	

		Білімдер:	
		1. Хабарламалар мен файлдардың форматтары. 2. Бақылау желісінен ақпарат жинау және өңдеу жөніндегі жетекші және нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар. 3. Есептеу техникасы, коммуникациялар және байланыс құралдарын білу. 4. Гидрометеорологиялық ақпаратты беру жоспары.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 2: Гидрометеорологиялық ақпаратты автоматтандырылған жинауды, жинақтауды және бағдарламалық бөлуін бақылау.	Машықтар:	1. Келіп түскен ақпаратты толықтық пен қателіктергетексеру. 2. Алынған ақпаратты белгіленген жоспар бойынша өңдеу және бөлу.
		Білімдер:	1. Хабарламалар мен файлдардың форматтары. 2. Ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, ұсыну, тарату процестері мен әдістері және осындай процестер мен әдістерді жүзеге асыру тәсілдері. 3. Гидрометеорологиялық ақпаратты ұсыну жоспары. 4. Бақылау желісінен ақпаратты жинау және өңдеу бойынша басшылық және нормативтік құжаттар, нұсқаулықтар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Еңбек функциясы 2: Бақылау желісінен ақпараттың уақтылы келуін бақылауды қамтамасыз ету.	Дағды 1: Бақылау желісінен келмеген және кешіккен ақпаратты жедел есепке алу.	Машықтар:	1. Бақылау желісінен келмеген және кешіккен ақпаратты жоспарға сәйкес есепке алу. 2. Келмеген және кешіккен ақпарат туралы есеп дайындау.
		Білімдер:	1. Ақпаратты іздеу, жинау, сақтау, өңдеу, ұсыну, тарату процестері, әдістері және осы процестер мен әдістерді жүзеге асыру жолдары. 2. Гидрометеорологиялық ақпаратты ұсыну жоспары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Тәртіптілік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Техник-метеоролог	
14. Кәсіптің карточкасы «Техник-метеоролог»:			
Топтың коды:	3114-1		
Қызмет атауының коды:	3114-1-013		
Кәсіптің атауы:	Техник-метеоролог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Метеорология	Біліктілік:

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Метеорологиялық мониторинг жүргізу	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Метеорологиялық және актинометриялық бақылауларды жүзеге асыру. 2. Қауіпті табиғи құбылыстарды визуалды және аспаптық бақылау жүргізу. 3. Бақылау деректерінің сапасын бақылау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Метеорологиялық және актинометриялық бақылауларды жүзеге асыру.	Дағды 1: Алынған метеорологиялық бақылау деректерін өңдеу және беру	Машықтар:
		1. Метеорологиялық бақылаулар нәтижесінде алынған деректерді беру. 2. Бақылау нәтижелерін өңдеу. 3. Метеорологиялық бақылаулар нәтижелерімен телеграммаларды құрастыру және кодтау. 4. Кодталған хабарламаларды тиісті байланыс арналарымен белгіленген уақытта жіберу. 5. Техникалық құжаттаманы жүргізу. 6. Бақылау жүргізу үшін қолданылатын аспаптар мен жабдықтардың жұмысын бақылау.
		Білімдер:
		1. Метеорологиялық бақылауларды жүргізу ережелері және олардың нәтижелерін беру. 2. Метеорологиялық жабдықпен жұмыс істеу тәртібі. 3. Гидрометеорологиялық бақылауларды жүргізуге арналған аспаптардың жұмыс принципі және түрлері. 4. Метеорологиялық деректердің көлемі мен мерзімі. 5. Метеорологиялық ақпараттар мен метеорологиялық бақылаулар деректерін жіберу үшін кодтар. 6. Метеорологиялық терминдер мен қысқартулар.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Қауіпті табиғи құбылыстарды визуалды және аспаптық бақылау жүргізу.	Дағды 1: Қауіпті табиғи құбылыстарды бақылау, алынған деректерді өңдеу және жіберу.	Машықтар:
		1. Қауіпті құбылыстардың түрлерін анықтау және классификациялау. 2. Қауіпті табиғи құбылыс туралы дауылды хабарламалар құрастыру. 3. Табиғи құбылыстың әсерінен болатын қауіптілік дәрежесін анықтау. 4. Дауыл телеграммаларын өңдеу және жіберу.
		Білімдер:
		1. Қауіпті табиғи құбылыстардың тізімі және критерийлері. 2. Қауіпті табиғи құбылыстардың пайда болуы мен туындауы қауіпі кезінде бақылау бөлімшелерінің әрекет ету тәртібі. 3. Қауіпті табиғи құбылыстарды бақылау үшін өлшеу құралдарымен жұмыс істеу тәртібі. 4. Бақылаушы бөлімшелердің дауыл хабарламаларын дайындау және беру жөніндегі нұсқаулықтары мен кодтары. 5. Қауіпті табиғи құбылыстың әсерінен зардап шеккен аумақты тексеру әдістері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3:		

Бақылау деректерінің сапасын бақылау	Дағды 1: Бақылау посттарының материалдарын техникалық және синтаксистік тексеру	Машықтар:	
		1. Метеорологиялық деректерді өңдеу және бақылау үшін арналған арнайы бағдарлама (АРМ метеоролог) бойынша жұмыс істеу. 2. Деректерді салыстырып, алынған бақылау деректерін атмосфералық процестерге сәйкестендіру. 3. Метеорологиялық бақылаулар жүргізу барысында техникалық және әдістемелік қателіктерді анықтау. 4. Метеорологиялық деректермен құжаттаманы салыстырып, талдау жүргізу.	
		Білімдер:	
		1. Метеорологиялық бақылауларды жүргізу және оларды өңдеу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар; 2. Метеорологиялық бақылаулар материалдарын техникалық және критикалық бақылауды жүргізу бойынша ұсыныстар; 3. Метеорологиялық бақылаулар нәтижелерін талдау бойынша нұсқаулықтар; 4. Метеорологиялық терминдер мен қысқартулар.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Тәртіптілік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Техник-агрометеоролог	
15. Кәсіптің карточкасы «Техник-гидролог»:			
Топтың коды:	3111-3		
Қызмет атауының коды:	3111-3-013		
Кәсіптің атауы:	Техник-гидролог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	4		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТЖКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Гидрогеология және инженерлік геология	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Гидрологиялық мониторинг жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Гидрологиялық және қар көшкіні бақылауларын өндіру	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Гидрологиялық және қар көшкіні бақылауларын өндіру			

	Дағды 1: Гидрологиялық бақылаулардың толықтығы мен сапасын талдау	Машықтар:	
		1. Гидрологиялық деректерді талдау. 2. Гидрологиялық бақылаулар жүргізу. 3. Бақылауларды ұйымдастыру және өткізу барысында кемшіліктерді жою.	
		Білімдер:	
		1. Негізгі гидрологиялық көрсеткіштерді есептеу әдістемесі. 2. Гидрологиялық бақылауларды жүргізу уақыт погталары. 3. Гидрологиялық бақылаулар нәтижелерін өңдеу үшін уақыт нормалары. 4. Бақылау пункттерінде гидрометеорологиялық жұмыстарды жүргізу бойынша нұсқаулықтар.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
	Дағды 2: Қар көшкініне бақылау жасау.	Машықтар:	
		1. Қар көшкіні бақылаулар нәтижелерін талдау. 2. Бақылау нәтижелерін тиісті байланыс арналарымен жіберу. 3. Жүргізілген бақылаулар нәтижелері бойынша жинақтамалар құрастыру.	
		Білімдер:	
		1. Қар көшкіні бақылаулар жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар. 2. Құрылғылар мен құралдардың құрылымы, әрекет принципі, орнату, пайдалану ережелері. 3. Бақылау нәтижелерін өңдеу және талдау бойынша нұсқаулықтар. 4. Станцияда қолданылатын құралдардың пайдалану принциптері мен олардың тексерулері. 5. Жұмыс жүргізу және техникалық құралдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғау ережелері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Тәртіптілік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Техник-метеоролог	
16. Кәсіптің карточкасы «Химиялық талдау зертханашысы»:			
Топтың коды:	8131-9		
Қызмет атауының коды:	8131-9-149		
Кәсіптің атауы:	Химиялық талдау зертханашысы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Экология және табиғатты қорғау қызметі (түрлері бойынша)	Біліктілік:
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптарсыз жоғары білім		

Формалды емес және информалы біліммен байланыс:		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Су үлгілерін алу, мемлекеттік тапсырыс аясында және сыртқы ұйымдардан түскен өтінімдерге сәйкес алынған үлгілерді сынау	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған орта объектілерінің химиялық талдауын жүргізу. 2. Аналитикалық жабдықтың техникалық жағдайын тексеру 3. Зерттелген сынамалардың талдауы бойынша есептерді дайындау
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Қоршаған орта объектілерінің химиялық талдауын жүргізу.	Дағды 1: Келіп түскен үлгілердің зертханалық талдауын жүргізу және қоршаған орта сапасы бойынша деректерді өңдеу.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Су үлгілерін алу, келген үлгілерді сынау. 2. Сынақ нәтижелерін рәсімдеу. 3. Сынақтар үшін пайдаланылатын құралдар мен құрылғылардың күйін бақылау.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаның жағдайы бойынша әдістемелік нұсқаулар мен басқа да реттеуші құжаттар. 2. Қоршаған ортаның жағдайын бақылау ұйымдастыру принциптері мен әдістері. 3. Химиялық талдауларды орындау бойынша құрылымдық бөлімшенің өндірістік- шаруашылық қызметінің негіздері. 4. Еңбек заңнамасының негіздері. 5. Еңбек қорғау ережелері мен нормалары, қауіпсіздік техникасының ережелері. 6. Қоршаған ортаны бақылаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Аналитикалық жабдықтың техникалық жағдайын тексеру	Дағды 1: Құрал-жабдықтар мен аспаптардың жұмыс қабілеттілігін бағалау.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Зерттеу үшін қолданылатын құралдар мен құрылғылардың жұмыс жағдайын бақылау. 2. Калибрлеу графиктерін құру және тексеру. 3. Жұмыс орнында жеке қорғаныс құралдарының болуын қамтамасыз ету. 4. Лабораториялық жабдықтарды, құралдарды және қондырғыларды мерзімді тексеру немесе аттестациядан өткізу үшін уақытында ұсыну.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Тестілік және калибрлеу зертханаларына қойылатын жалпы талаптар. 2. Химиялық талдаулар жүргізу үшін жабдықтарды пайдалану ережелері. 3. Пробоотбор құрылғыларын дайындау, пайдалану, жуу және сақтау тәсілдері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Зерттелген сынамалардың талдауы бойынша есептерді дайындау		

	Дағды 1: Деректерді жинау және талдау өңдеуді жүргізу.	Машықтар:	
		1. Талдау нәтижелері бойынша есеп беру құжаттарын құрастыру. 2. Есептерді тапсырыс берушілерге, мемлекеттік органдарға немесе басқа да мүдделі тараптарға ұсыну. 3. Өлшеу нәтижелерінің дұрыстығы мен нақтылығын тексеру. 4. Әдістемелік нұсқауларға сәйкес сынақ хаттамаларын құрастыру. 5. Нәтижелерді көрнекі түрде көрсету үшін кестелер, графиктер мен диаграммаларды қалыптастыру.	
		Білімдер:	
		1. Ұйымның ішкі регламенттері бойынша құжаттаманы жүргізу талаптары. 2. Метрология, стандарттау және сертификаттау негіздері. 3. Лабораториялық зерттеулер мен электронды деректер базасын жүргізу тәртібі.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Тәртіптілік Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Инженер-химик	
	6	Инженер-эколог	
17. Кәсіптің карточкасы «Агрометеоролог»:			
Топтың коды:	2112-0		
Қызмет атауының коды:	2112-0-001		
Кәсіптің атауы:	Агрометеоролог		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Агрономия	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	1. Бас агрометеоролог — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, жұмыс өтіліне талапсыз. 2. 1-санаттағы агрометеоролог — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 1 жыл. 3. 2-санаттағы агрометеоролог — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 6 ай. 4. Агрометеоролог (санаты жоқ) — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім, жұмыс өтіліне талапсыз.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Агрометеорологиялық мониторинг жүргізу		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			

Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	<ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық мониторингті жүзеге асыру үшін әдістемелік қолдау көрсету. 2. Агрометеорологиялық болжау жүргізу. 3. Агрометеорологиялық бақылаулардың нәтижелерін және автоматтандырылған бақылау пункттерінің жұмыс сапасын бақылау. 4. Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындары мен халықты болжамдық агрометеорологиялық ақпаратпен, анықтамалармен және шолулармен қамтамасыз ету.
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Агрометеорологиялық мониторингті жүзеге асыру үшін әдістемелік қолдау көрсету.	Дағды 1: Агрометеорологиялық бақылауларды бақылауды қамтамасыз ету.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу. 2. Агрометеорологиялық бақылаулар жүргізу кезінде алынған деректерді талдау. 3. Агрометеорологиялық бақылаулар жүргізу кезінде арнайы аспаптарды пайдалану. <p>Қосымша 1-санаттағы агрометеоролог-инженер мен бас агрометеоролог-инженер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық станцияларға практикалық және әдістемелік көмек көрсету және сүйемелдеу.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық деректерді бақылау және өңдеу әдістері мен тәртібі. 2. Агрометеорологиялық деректерді шифрлау үшін кодтар. 3. Агрометеорологиялық бақылауларды жүргізу бойынша нұсқаулықтар. <p>Қосымша 1-санаттағы агрометеоролог-инженер мен бас агрометеоролог-инженер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық мониторинг пен болжаудың заманауи технологиялары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Агрометеорологиялық болжау жүргізу.	Дағды 1: Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарын және тұрғындарды агрометеорологиялық болжамдық ақпаратпен қамтамасыз ету.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық бақылаулар кезінде алынған деректерді талдау. 2. Маршруттық тексерулер нәтижелері бойынша ақпаратты өңдеу және талдау. 3. Бақылаулар түрлері бойынша арнайы кестелер мен карталарды құрастыру. <p>Қосымша 1-санаттағы агрометеоролог-инженер мен бас агрометеоролог-инженер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық болжамдар құрастыру (өнімділік ылғал қорының болжамы, егіс мерзімдері, пісу мерзімдері, өнімділік, құрғақшылық және басқа да болжамдар). 2. Агрометеорологиялық болжамдардың негізділігін есептеу, болжамдардың фактілік деректерден ауытқуының себептерін талдау және анықтау. 3. Ұсынылған агрометеорологиялық болжамдар бойынша БАҚ өкілдерімен сұхбат жүргізу және өзара іс-қимыл жасау.
		Білімдер:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Болжамдар түрлері бойынша құрастыру әдістемелері. 2. Болжамдық модельдер үшін бастапқы деректерді дайындау принципі. <p>Қосымша 1-санаттағы агрометеоролог-инженер мен бас агрометеоролог-инженер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Негізгі ауылшаруашылық дақылдарының өсуі мен дамуының ерекшеліктері. 2. Агрометеорологиялық болжамдар құрастыру үшін прогностикалық модельдердің жұмыс принципі.

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 3: Агрометеорологиялық бақылаулардың нәтижелерін және автоматтандырылған бақылау пункттерінің жұмыс сапасын бақылау.	Дағды 1: Үздіксіз сенімді метеорологиялық ақпараттың түсуін қамтамасыз ету.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық ақпаратты және маршруттық тексерулердің нәтижелерін талдау. 2. Бақылау түрлері бойынша арнайы кестелер мен карталарды құрастыру. 3. Деректердің үздіксіз берілуін бақылауды жүзеге асыру. <p>Қосымша 1-санаттағы агрометеоролог-инженер мен бас агрометеоролог-инженер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық бақылаулар мен деректерді беру бойынша әдістемелік және айналымдық хаттар әзірлеу.
		Білімдер:
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 4: Агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындары мен халықты болжамдық агрометеорологиялық ақпаратпен, анықтамалармен және шолулармен қамтамасыз ету.	Дағды 1: Сұраныстарға сәйкес агрометеорологиялық ақпарат беру.	Машықтар:
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық жағдайлар мен құбылыстар туралы болжамды және талдамалық ақпаратты дайындау. 2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының жай-күйі туралы анықтама жасау. 3. Бақылау желісінің агрометеорологиялық станцияларынан ұсынылған деректерді тексеру. <p>Қосымша 1-санаттағы агрометеоролог-инженер мен бас агрометеоролог-инженер үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Агрометеорологиялық бақылаулардың нәтижелеріне сыни бақылау жүргізу, автоматты бақылау пункттерінің жұмыс сапасын бақылау. 2. Ұсынылған болжамдық және аналитикалық агрометеорологиялық ақпарат бойынша БАҚ өкілдерімен сұхбат жүргізу және өзара іс-қимыл жасау.
		Білімдер:
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Логикалық ойлау Жауапкершілік Оқу және өзін-өзі оқыту қабілеті		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Инженер-метеоролог	
18. Кәсіптің карточкасы «Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар және жүйелерді пайдалану және жөндеу инженері»:			
Топтың коды:	2152-9		
Қызмет атауының коды:	2152-9-013		
Кәсіптің атауы:	Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар және жүйелерді пайдалану және жөндеу инженері		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	1) Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар мен жүйелерді пайдалану және жөндеу жөніндегі жетекші инженер – кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе жұмыс өтіліне талап қойылмай жоғары оқу орнынан кейінгі білім. 2) Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар мен жүйелерді пайдалану және жөндеу жөніндегі 1-санатты инженер – кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары білім және кемінде 1 жыл жұмыс өтілі. 3) Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар мен жүйелерді пайдалану және жөндеу жөніндегі 2-санатты инженер – кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары білім және кемінде 6 ай жұмыс өтілі. 4) Гидрометеорологиялық құралдар, жабдықтар мен жүйелерді пайдалану және жөндеу жөніндегі инженер (санатсыз) – кадрларды даярлаудың тиісті бағыты бойынша жұмыс өтіліне талап қоймай жоғары білім.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Метеорологиялық қамтамасыз ету, өлшеу құралдарының талап етілетін дәлдікке сәйкестігін растау.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Өлшеу құралдарын метрологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру 2. Өлшеу құралдарын профилактикалық және жоспардан тыс жөндеуді ұйымдастыру.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Өлшеу құралдарын метрологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыру	Дағды 1: Филиалдар мен орталық аппараттың өлшеу құралдарын тексеруді үйлестіру.	Машықтар:	
		1. Желіде пайдаланылатын өлшеу құралдарының ішкі қозғалысы бойынша талдау жүргізу. 2. Аспаптарды пайдалану бойынша техникалық құжаттамаға талдау және өзектендіру жүргізу. 3. Өлшеу құралдарын пайдалану орындарына инспекция жүргізу.	

		Білімдер: 1. Зертхананың жұмыс принципі, орнату, пайдалану, аспаптар мен жабдықтар ережесі. 2. Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының негіздері. 3. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрттен қорғау ережелері мен нормалары.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Өлшеулердің бірегейлігін қамтамасыз ету саласында тексерулердің жоспарларын құру, графиктерін жасау және талдау жүргізу.	Машықтар: 1. Ақпаратты жинауды және талдауды қамтамасыз ету, нормативтік-техникалық құжаттаманы өзектендіру. Қосымша жетекші инженер-приборшы үшін: 1. Өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттауды қамтамасыз ету саласында қажетті әдістемелік және кеңес беру көмек көрсету. 2. Орындалған жұмыстардың нәтижелері туралы апта сайынғы есептер жасау.
		Білімдер: 1. Өндірістік жұмыстар басқармасында жүргізілетін мақсаттар мен міндеттер. 2. Өлшеу құралдарын тексеру түрлері. 3. Өлшем бірлігі туралы заңнама.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Өлшеу құралдарын профилактикалық және жоспардан тыс жөндеуді ұйымдастыру.	Дағды 1: Тексеру кестелеріне сәйкес тексеру мерзімдерінің сақталуын қамтамасыз ету	Машықтар: 1. Гидрометеорологиялық құралдар мен жабдықтарды баптау, калибрлеу және тексеру. 2. Жабдықтардың диагностикасын жүргізу және ақауларын жою. 3. Жаңа құралдар мен жүйелерді орнатуға қатысу.
		Білімдер: 1. Құралдарды калибрлеу және тексеру әдістері. 2. Метеорологиялық жүйелерді пайдалану және жөндеу ерекшеліктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Жұмыс процестерін бақылау Жауапкершілік	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	6	Инженер-метеоролог
	6	Инженер-гидролог
19. Кәсіптің карточкасы «Инженер-химик»:		
Топтың коды:	2145-1	
Қызмет атауының коды:	2145-1-002	
Кәсіптің атауы:	Инженер-химик	
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6	
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:		
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:		

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	1. Жетекші инженер-химик — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, жұмыс өтіліне талапсыз. 2. 1-санаттағы инженер-химик — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 1 жыл. 3. 2-санаттағы инженер-химик — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім және жұмыс өтілі кемінде 6 ай. 4. Инженер-химик (категориясыз) — сәйкес даярлық бағыты бойынша жоғары білім, жұмыс өтіліне талапсыз.		
Формалды емес және информталы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мемлекеттік тапсырыс аясында және сыртқы ұйымдардан келіп түскен өтінімдерге сәйкес келіп түскен сынамаларға сынақ жүргізу.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Химиялық талдаулар мен сынақтарды жүргізу. 2. Сынақтардың сапасын бақылау қамтамасыз ету 3. Қоршаған орта жағдайы туралы жүргізілген талдаулардың нәтижелерін дайындау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Химиялық талдаулар мен сынақтарды жүргізу.	Дағды 1: Химиялық талдау үшін құрал-жабдықтар мен аспаптарды дайындау.	Машықтар:	1. Химиялық талдаулар үшін қолданылатын реагенттердің, ерітінділер мен химиялық заттардың бар болуын, сәйкестігін және таңбалануын тексеру. 2. Келіп түскен сынамаларды химиялық талдау жүргізу. 3. Жүргізілген талдауларды есепке алу. Қосымша инженер-химик 1 санаты мен жетекші инженер-химик үшін: 1. Сынамаларды алу уақтылығын және дұрыстығын бақылау. 2. Сынақтар үшін қолданылатын құралдардың және құрылғылардың жағдайын бақылау. 3. Калибровкалау графиктерін құру және тексеру. 4. Статистикалық бақылауды жүзеге асыру, экстремалды мөндер, аномальды төмен және теріс мөндер және басқа да ұқсас процедураларды тексеру.
		Білімдер:	1. Химия негіздері (химиялық құбылыстар, заттардың құрамы, элементтер мен қосылыстардың қасиеттері). 2. Органикалық және бейорганикалық химия негіздері, соның ішінде әр түрлі заттар мен материалдарға тән химиялық заттар. 3. Қоршаған ортаны зерттеу үшін химиялық талдаулар жүргізуге арналған жетекші құжаттама.
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	<p>Дағды 2: Қоршаған ортаның сапасына қатысты деректерді талдау және өңдеу; Қоршаған орта жағдайы туралы есептер мен ақпараттық материалдарды дайындау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған ортаның сапасы жайында деректерді талдау және қалыптастыру. 2. Қоршаған ортаның сапасы туралы жүргізілген талдаулар нәтижелері бойынша есептер мен ақпараттық материалдар дайындау. 3. Реактивтер мен шығын материалдарының келіп түсуі мен жұмсалыуын есепке алу. <p>Қосымша инженер-химик 1 категориясы мен жетекші инженер-химикке:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүргізілген сынақтардың сапасын ішкі зертхана бақылауын жүргізу. 2. Менеджмент жүйесін жетілдіруге бағытталған түзету шараларын әзірлеуге қатысу. 3. Келіп түскен шағымдарды қарастыруға, сынақ сапасының нашарлауына себеп болған факторларды зерттеуге қатысу. 4. Белгіленген нормативтерге сәйкес қоршаған орта объектілерінің ластану деңгейін анықтау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілері. 2. Басқару туралы ереже. 3. Кәсіпорын басшылығының бұйрықтары, өкімдері мен нұсқаулары. 4. Әдістемелік нұсқаулар мен басқа да реттеуші құжаттар. 5. Қоршаған ортаны бақылаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру және жұмыс істеу ережелері. 6. Негізгі экологиялық көрсеткіштерді есептеу әдістемесі. 7. Қоршаған орта мониторингі бойынша есеп беру құжаттарын әзірлеу тәртібі. 8. Жоғары және өте жоғары ластану жағдайында тұтынушыларды жедел ақпаратпен хабардар ету тәртібі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 2: Сынақтардың сапасын бақылау қамтамасыз ету</p>	<p>Дағды 1: Сынақтар жүргізу барысында нормалардың сақталуын бақылау.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Экологиялық деректерді өңдеу үшін формулалар, жинақтау кестелері және графиктер қолдана отырып аналитикалық есептер жасау. 2. Мониторинг нәтижелері мен жобаларды көрсету үшін кәсіби презентациялар дайындау. 3. Әртүрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді есептер мен презентацияларға интеграциялау. <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қоршаған орта сапасын бақылау бойынша әдістемелік нұсқаулар. 2. Жоғары және өте жоғары ластану деңгейі туындаған жағдайда бақылауды ұйымдастыру талаптары. 3. Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдеріне сәйкес экологиялық ақпарат ұсыну міндеттемелері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
<p>Еңбек функциясы 3: Қоршаған орта жағдайы туралы жүргізілген талдаулардың нәтижелерін дайындау.</p>	<p>Дағды 1: Қоршаған орта жағдайы туралы жүргізілген талдаулардың нәтижелерін дайындауды жүзеге асыру.</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жүргізілген талдаулар нәтижелері бойынша мәтіндік сипаттама, кестелер, графиктер мен диаграммаларды қамтитын есептер құрастыру. 2. Деректерді талдау негізінде қоршаған орта жағдайы туралы анықтама ақпаратын әзірлеу. 3. Мемлекеттік сұрауларға сәйкес құжаттаманы дайындау.

		Білімдер:	
		1. Формулалар, макростар, деректерді визуализациялау (графиктер, диаграммалар) қолдану. 2. Слайд дизайнын жасау, анимация мен схемалармен жұмыс істеу негіздері. 3. Әр түрлі дереккөздерден алынған мәліметтерді есептер мен презентацияларға интеграциялау негіздері.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дәлдік Парасаттылық Жауапкершілік		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:			
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Инженер-эколог	
	7	Ғылыми қызметкер (метеорология саласында)	
20. Кәсіптің карточкасы «Инженер-синоптик»:			
Топтың коды:	2112-0		
Қызмет атауының коды:	2112-0-007		
Кәсіптің атауы:	Инженер-синоптик		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:			
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Қоршаған орта	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	1. Бас инженер-синоптик — метеорология саласында кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесі; Жоғары білім, практикалық жұмыс тәжірибесі немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім, жұмыс тәжірибесіне талаптарсыз.* 2. 1-ші санаттағы инженер-синоптик — метеорология саласында кемінде 1 жыл жұмыс тәжірибесі; 3. 2-ші санаттағы инженер-синоптик — метеорология саласында кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесі; 4. Инженер-синоптик (санаты жоқ) — жұмыс тәжірибесіне талаптар жоқ.		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:			
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Өртүрлі мерзімдерге ауа райы болжамдарын құрастыру және дауылды ескерту хабарламаларын шығару.		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Қысқа және орта мерзімді ауа райы болжамдарын құрастыру, ҚҚ, АГҚ, АКӨ бойынша дауылды ескерту хабарламаларын шығару және өнімді шығару. 2. Ұзақ мерзімді ауа райы болжамдарын құрастыру және өнімді шығару. 3. Ауа райы болжамдарын және дауылды ескерту хабарламаларын бағалау.	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1:			

